

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 16 қыркүйектегі № 132-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 9 желтоқсандағы № 154-ө
Өкімі

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 16 қыркүйектегі өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесінде:

5-бағандағы реттік нөмірлері 2, 3, 10, 12, 18, 19, 20, 22, 23, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 35, 38, 39, 41, 42, 43, 45, 49, 50, 53, 54, 55, 59, 60, 84, 86, 87, 89, 90, 91, 96, 97, 100, 102, 103, 104, 105-жолдарда «2010 жылғы қазан» деген сөздер «2011 жылғы наурыз» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-бағандағы реттік нөмірлері 4, 5, 7, 8, 9, 11, 14, 17, 21, 24, 25, 32, 33, 34, 36, 37, 40, 44, 46, 51, 52, 56, 66, 67, 74, 75, 76, 77, 93, 94, 95, 99, 101-жолдарда «2010 жылғы қараша» деген сөздер «2011 жылғы наурыз» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-бағандағы реттік нөмірлері 82, 83-жолдарда «2010 жылғы қараша» деген сөздер «2011 жылғы қараша» деген сөздермен ауыстырылсын.

Премьер-Министр

К. Мәсімов